

"1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 18 сәуір N 507. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.08.14 N 1120 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылға арналған республикалық бюджеті кірісі бойынша 136020269 мың теңге сомасында, шығысы бойынша 175399719 мың теңге сомасында, тапшылықтың шекті мөлшері 1 қосымшаға сәйкес - 39379450 мың теңге мөлшерінде орындауға қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің темір жолдар басқармалары, "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясы, "Қазақтелеком" Ұлттық акционерлік компаниясы өздерінің негізгі қызметтері бойынша, "Қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабындағы 4 - тармағына сәйкес конверсияланатын кәсіпорындар және ішкі істер органдары жанындағы облыстық (Алматы қалалық) ведомстводан тыс күзет бөлімдері орталықтандырылған тәртіппен республикалық бюджетке пайдаға салынатын салық төлейді деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне кәсіпорындар мен ұйымдарға орталықтандырылған тәртіппен табысқа салынатын салық бойынша республикалық бюджетпен есеп айырысуды белгілеу жөнінде ұсыныс енгізісін.

3. "Целинтрансстрой", "Қазақтранстехмонтаж", "99-құрылыс басқармасы", "Көлік құрылысы", "Трансстрой" (Алматы, Павлодар) акционерлік қоғамдары, "Қазақстан жолдары" Мемлекеттік акционерлік компаниясы, "Монтажспецстрой" акционерлік холдинг компаниясы үшін пайдаға салынатын салық бойынша 1994 жылы қолданылған есеп айырысудың ерекше тәртібі 1995 жылы сақталсын.

4. "1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы Заң күші бар Жарлығымен жеке тұлғалар үшін салынатын табыс салығы бойынша 1994 жылы қолданылған жеңілдіктер сақталғаны ескерілсін.

Қаржы министрлігі аталған жеңілдіктердің толық берілуіне қатаң бақылау

ж а с а й т ы н

б о л с ы н .

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі он күн мерзім ішінде заңды және жеке тұлғалардың автомобиль бензині мен дизель отынын пайдаланғанына салықты есептеу мен төлеу тәртібін, сондай-ақ салық есебінің нысаны мен беру мерзімін бекітсін және оларды салық төлеушілердің қаперіне ж е т к і з с і н .

6. Егер тауарларды экспорттық беру 1995 жылдың 24 наурызына дейін жүргізілген болса, 1995 жылдың 24 наурызына дейін жасалған және толықтай төленген контрактілер (шарттар, келісімдер) бойынша акцизделетін тауарларға, соның ішінде Қазақстан Республикасының резиденті немесе резиденті емес басқа тұлғалар төленген акцизделетін тауарларға, сондай-ақ бартерлік операциялар бойынша 1995 жылдың 24 наурызына, дейін қолданылған ставкалары бойынша с а л ы қ с а л ы н а д ы .

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі акциздерді төлеушілердің бәрін қамту есебін ұйымдастырсын, салықтың осы түрі бойынша төлемдердің бюджетке толық түсуін қамтамасыз ету үшін пәрменді бақылау жасайтын б о л с ы н .

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі он күн мерзім ішінде ТМД елдерінен тыс жерлерден импортқа әкелінетін тауарлар (өнімдерге) бойынша қосылған құнға салынатын салықты есептеу мен төлеу тәртібін, сондай-ақ кеден органдарына салық есебін түсіру тәртібі мен мерзімін белгілеп, оны сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың қаперіне жеткізсін.

8. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті жерді мұрагерлікке өмір бойы иелену құқының құнын, жер учаскесін пайдалану құқығының немесе жалдау құқығының құнын белгілеу жөніндегі жұмыстардың дер кезінде орындалуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Бас салық басқармасы және оның жергілікті жерлердегі органдары жергілікті әкімдердің жер учаскелерін мұрагерлікке өмір бойы иелену құқығына, пайдалану құқығына немесе жалдау құқығына сатудан түскен қаражаттың дұрыс есептелуі мен бюджетке дер кезінде аударылуын бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорының 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап республикалық бюджеттің кіріс және шығыс құрамынан шығарылғандығы ескерілсін. "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 35, 405-бап) 3-тармағын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі осы қордың шығыстары құрамында тұрғын үй құрылысы саласын қаржыландыруға 15 процент қаражат қарастырып, оны

Қазақстан Республикасының "Жилстройбанк" тұрғын үй құрылысы Мемлекеттік банкі арқылы пайдалансын.

10. Күрделі қаржыны қаржыландырудың 9015300 мың теңге сомасындағы шығыстарында Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту қорына 1995 жылдың 1 тоқсанына түскен қаражат ескерілсін.

11. Әлеуметтік сақтандыруға аударылатын жалпы соманың Зейнетақы қоры мен Әлеуметтік сақтандыру қоры арасында тиісінше, 85 және 15 процент нормативтер бойынша бөлінетіндігі ескерілсін.

12. 200 мың теңге мөлшеріндегі ең төменгі жалақы мен зейнетақыға төмендегідей есептік түзету коэффициенттері белгіленгені ескерілсін.

1995 жылғы 1 қаңтардан	-	1
1995 жылғы 1 наурыздан	-	1,25
1995 жылғы 1 шілдеден	-	1,4
1995 жылғы 1 қазаннан	-	1,5

Бұл ретте бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың жұмысшылары мен қызметшілеріне еңбекке ақы төлеудің ең төменгі шегі мынадай мөлшерде белгіленеді:

1995 жылғы 1 қаңтардан	-	кемінде	600	теңге
1995 жылғы 1 наурыздан	-	кемінде	875	теңге
1995 жылғы 1 шілдеден	-	кемінде	980	теңге
1995 жылғы 1 қазаннан	-	кемінде	1050	теңге

Еңбекке ақы төлеудің ең төменгі шегі жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығын толық атқарған жағдайда қосымша ақылардың, үстемелердің, сыйлықтардың, басқа да өтемдік (қолданылып жүрген заңдарда белгіленген біржолғы ақылардан басқа) және көтермелеу төлемдерінің барлық түрлерін ескергенде, сондай-ақ аудандық, таулы жерлердегі, шөлейт, сусыз жерлердегі және экологиялық коэффициенттерді қолданғандағы бір айда есептелген нақтылы жалақыны қамтиды деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі, Қаржы министрлігі еңбекке ақы төлеудің енгізілген төменгі шегін ескере отырып, бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың (мекемелердің) жұмысшылары мен қызметшілерінің жалақысын белгілеудің Уақытша тәртібін белгілеп, бекітсін.

13. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне мемлекеттік өкімет пен басқару органдарын ұстауға арналған қаражаттың атамалы бөліну құжатын түсірсін.

14. "Астық" акционерлік компаниясы республика бюджетіне қарастырылған қаражат есебінен мемлекет мұқтажы үшін 1994 жылдың егінінен берілген астық үшін ауыл шаруашылығының тауар өндірушілерімен есеп айырысудың

аяқталуын

қамтамасыз

етсін.

15. Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдаудың мемлекеттік қорының кеңесі ауыл шаруашылығы жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін он күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 1995 жылға арналған шығыстар сметасын түсірсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті аталған қордың мемлекеттік қаражатының нысаналы бағытталуы мен пайдаланылуына қатаң бақылау жасайтын болсын.

16. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен және Қазақстанның Мемлекеттік даму банкімен бірлесе отырып, 1995 жылы құрылысы ұзақ мерзімді жеңілдетілген кредит беру шартымен де, сондай-ақ республикалық бюджетте қарастырылған қаражат есебінен қайтарымыз шартымен жүзеге асырылатын бастамалық мәні бар және іске қосылуға тиісті объектілердің тізбесі жөнінде ұсыныстар әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізісін.

Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісі:

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен басымдылығы бар инвестициялық жобаларға банкілік сараптауды жүзеге асырсын және белгіленген тәртіп бойынша заемшылармен кредиттік келісімдер жасасын;

бұрын берілген кредиттер бойынша проценттік ставкаларға қатысты бұрынғы шарттарды сақтай отырып, белгіленген тәртіппен кредит келісімдерін қайта ресімдесін;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің мекемелерімен (келісу бойынша) және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып, 1992-1993 жылдары Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту қорынан (Инвестициялық қордан) қайтарылым негізінде қаржыландыру жүзеге асырылған және оларға қаражат бөлу соңғы жылдары тоқтатылған объектілерге тексеру жүргізісін. Тексерудің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қаржы министрлігімен келісілген әрбір аяқталмаған объект бойынша бұрын бөлінген кредиттерді қайтару жөнінде қолданылған шаралар туралы шешімнің жобасын 1995 жылдың 15 мамырына дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне түсірсін.

17. Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, Қазақстан Республикасының "Жилстройбанк" тұрғын үй құрылысы Мемлекеттік банкі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісу бойынша жаңа тұрғын үй саясаты жөніндегі шараларды жүзеге асыруға бюджетте және Қазақстан Республикасының жұмыспен қамту

қорында көзделген қаражаттың атамалы түрде бөлінуі жөнінде ұсыныстар әзірлеп, оларды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

18. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі бюджетте көзделген қаржыдан 35500 мың теңгені жалпы республикалық маңызы бар жұмыстарды жобалауға жұмсасын.

19. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Білім министрлігі, өз бағынысында жоғары оқу орындары бар басқа да министрліктер мен ведомстволар :

1995 жылдың 1 қыркүйегінен студенттерді қабылдау 5 процентке қысқартылатынын және олардың шарттық негізде оқытуға көшірілетінін ескере отырып, 1995-1996 оқу жылында кадрлар даярлау жоспарын қабылдасын;

кадрлар даярлауда қосарластыққа жол бермеу, қажетсіз мамандарды даярлауды тоқтату, сондай-ақ даярланатын мамандардың оқу орнының бейіміне сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатымен жоғары оқу орындары құрылымын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

20. Мемлекеттік стипендиялар жоғары және орта арнаулы мемлекеттік оқу орындарының барлық үлгеруші студенттеріне 1994-1995 жылғы оқу жылының жазғы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тағайындалады деп белгіленсін .

21. 1995 жылға арналған республикалық бюджетте облыстар мен Алматы қаласы шығыстарының құрамында тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын оқу орындарының студенттері мен оқушылары үшін мемлекеттік темір жол, су және қалааралық автомобиль көлігінде жүру жөнінде белгіленген жеңілдіктерді беруге арналған қаражаттың ескерілгенін жергілікті әкімдер назарға алсын .

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Қаржы министрлігі жол жүру жөнінде жеңілдіктер берудің қолданыстағы тәртібіне тиісті өзгерістер енгізсін.

22. Республикалық бюджетте әлеуметтік маңызы бар газеттер мен журналдарды шығаруға 2 қосымшаға сәйкес 539707 мың теңге сомасында демеуақы көзделіп отырғаны еске алынсын.

23. 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік теледидар мен радионың хабарын тарату жөнінде байланыс қызметін көрсету үшін "Қазақстанның теледидары мен радиосының" республикалық корпорациясы тоқсан сайын растап отыратын хабардың кестесі мен нақты көлеміне сәйкес Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қаржыландырылып отыратын болсын .

24. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Білім министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесе отырып жасанды тамақтанудағы, аз қамтамасыз

етілген көп балалы отбасыларындағы, некеде тұрмайтын студент отбасыларындағы, жалғыз басты аналардың, сондай-ақ мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің отбасыларындағы екі жасқа дейінгі балалар үшін, тағамдық қоспаларды қоса есептегенде, сүтханаларда балалар тағамдарының негізгі түрлерін берудің тәртібін анықтасын.

25. Кәсіпорындарды конверсиялауға арналған қаражат Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің шығыстары құрамында 200000 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 10 күн мерзімі ішінде конверсияланатын кәсіпорындар балансындағы әлеуметтік-мәдени-тұрмыстық объектілері мен тұрғын үй қорын жергілікті әкімшіліктер қарамағына беру жөнінде ұсыныс енгізісін.

26. Республикалық бюджетте ғылымды қаржыландыруға 2651146 мың теңге, соның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясына - 655836 мың теңге және Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдарының академиясына - 526736 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, Ұлттық ғылым академиясы және Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдарының академиясы екі ай мерзім ішінде қайталануға жол бермеу мақсатымен ғылыми мекемелер мен ғылыми-зерттеу бағдарламаларының құрылымы жөнінде ұсыныстар енгізісін.

27. 1995 жылдың 1 сәуірінен бастап шығармашылық одақтар мен қоғамдық ұйымдарды бюджеттен қаржыландыру тоқтатылатыны ескерілсін.

28. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 қарашадағы N 960 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 ақпандағы N 91 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 3 35-бап) енгізілген өзгерістерді ескере отырып, "Негізгі тамақ өнімдерінің қымбаттауына байланысты табысы аз азаматтарға өтемақы және балаларға жәрдемақы төлеу үшін қолданылатын отбасы мүшесіне шаққандағы жиынтық табысын есептеу туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 қарашадағы N 960 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 44, 651-бап) белгіленген балаларға біржолғы жәрдемақы төлеу тәртібі 1995 жылы сақталады деп белгіленсін.

29. 1995 жылы қатты және сұйық отынды, газды, сондай-ақ электр энергиясын жеңілдікпен беруге байланысты отынмен жабдықтау ұйымдарының шығынын өтеу және қолданылып жүрген заңдарда жеңілдіктер көзделген аз

камтамасыз етілген азаматтар мен халықтың басқа да санаттарына пәтерақы мен коммуналдық қызмет

көрсету жөніндегі жеңілдіктер тиісті жергілікті бюджеттер арқылы жүзеге асырылатыны ескерілсін.

30. 1995 жылға арналған республика бюджеті шығыстарының құрамында Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуын мерекелеуге байланысты мерейтойлық шараларды өткізуге көзделген қаражаттың жалпы сомасы 824250 мың теңге болатыны ескерілсін, оның ішінде:

Мың теңге	
мерейтой объектілерін салуға	- 245000
мерейтойға әзірлену мен оны өткізу объектілерін көркейтуге	- 2300
екі сериялы "Абай жолы" көркем фильмді түсіруді аяқтауға	- 166000
импорттық кинотехниканы сатып алу үшін валюта алуға	- 58950
Абай тақырыбындағы шығармаларды аудару мен басып шығаруға	- 50000
концерттер, фестивальдар, конкурстар, конференциялар өткізуге	- 132500
Абайдың "Жидебай-Бөрлі" қорық-мұражайы объектілерін жаңғырту мен көрілім жұмыстарына	- 45000
дыбыс жазу, көрсету техникасы құралдарын сатып алуға	- 37500
жол қоры есебінен Семей-Қарауыл автожолын, Жидебай мен Бөрлі елді мекендеріне баратын жолдарды қайта жаңғыртуға	- 87000

31. 1995 жылға арналған республика бюджетінің шығыстары құрамында 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығын мерекелеуге байланысты шаралар өткізуге 306870 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

мың теңге
"1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл" мерекелік медальдарын және

оларға куәліктер жасауға, құттықтау қағаздарын дайындауға, оларды жеткізу шығындарына	- 150000
Соғысқа қатысушылар мен тыл еңбеккерлеріне ескерткіш ретінде сыйлық пен кәдесый дайындауға	- 41812
1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына республикалық Зерде Кітабын қосқанда, кітаптар мен плакаттар шығаруға	- 33000
Қазақстандық майдан кинооператорлары туралы деректі фильм шығаруға	- 4000
1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы туралы бес сериялы деректі телефильм түсіріп, шығаруға	- 5500
Қазақстан Республикасы делегацияларының ТМД елдеріндегі және алыс шетелдердегі, оның ішінде Москвадағы салтанатты жиындарға қатысуына	- 1700
Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына арналған Спартакиаданы өткізуге	- 52860
Зерде кітабын және ТМД елдері бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушы Даңқ ордені иегерлерінің Жинағын шығаруға	- 1332
ұйымдастыру комитетін ұстауға	- 666
1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Отанды қорғау кезінде қаза тапқан азаматтарды мәңгі есте қалдырудың мемлекетаралық бағдарламаға үлестік жарна	- 1000
Кеңестер Одағының Батырлары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованы мәңгі есте қалдыру жөніндегі шараларды өткізуге	-15000

Бұған қоса 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына арналған концерттерді, фестивальдарды, конкурстар мен конференцияларды өткізуге 2000 мың теңге сомасында қаржы көзделген.

32. 1995 жылға арналған республикалық бюджеттің тиісті бөлімдеріне

министрліктер мен ұйымдарға төмендегідей мақсаттарға валюта сатып алу үшін қаржы көзделгені ескерілсін:

Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне - "Болашақ" бағдарламасы бойынша Президент стипендиясын төлеуге және студент спортшылардың Дүниежүзілік қысқы және жазғы ойындарға қатысуына;

Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігіне - Әлем және Азия чемпионаттарына және халықаралық іріктеу жарыстарына қатысуға және Олимпияда ойындарына қатысу үшін;

"Қазақкино" кинокомпаниясына - 2 сериялы "Абай жолы" фильмін қою үшін импорттық кинотехниканы сатып алуға;

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне - Абайдың мерейтойын мерекелеуге байланысты дыбыстық және көру құралдарын сатып алуға;

Қазақстан Республикасының Урология ғылыми-зерттеу институтына, А.Н.Сызғанов атындағы Қазақстан Республикасының хирургиялық ғылыми орталығына және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігіне - медициналық жабдықтарды сатып алуға:

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне: 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін сыйлықтар алуға ;

"САТР" республикалық орталығына - ақыл-есі кем балалардың мамандандырылған мекемелеріне жабдықтар алуға;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне - арнайы жабдықтар сатып алуға ;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне - паспорттарды жасайтын жабдықтарды және қылмыспен күрес жөніндегі басқа да техникалық құралдарды сатып алуға ;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне - республика аумағында салық төлеушілерді есепке алу жөніндегі механикаландырылған жүйені енгізуге;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне - дипломатиялық паспорттар үшін төлем жасауға .

Аталған министрліктер мен ұйымдар қаражатты жұмсауды Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бұрын қабылдаған өкімдері мен тапсырмаларына сәйкес қатаң нысаналық мақсатта жүзеге асырады.

33. Жергілікті әкімшіліктердің кепілдік міндеттемелері бойынша берілген сыртқы заемдарды өтеуге байланысты шығыстар оларға қызмет көрсету жөніндегі проценттерін ескере отырып, тиісті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатыны ескерілсін .

34. Шығыстардың құрамында :

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне Қазақстан

Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеттің Әскери институтын ұстауға 245255

мың

теңге

сомасында;

Қазақстан Республикасының Шекара әскерлеріне ТМД-ның сыртқы шекарасын қорғау үшін Ресей Федерациясының шекара әскерлерін мемлекетаралық тасымалдауға 156000 мың теңге сомасында;

Қазақстан Республикасының жалпы мақсаттағы Қарулы күштеріне - әскери кемелерді ұстау үшін 50500 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін.

35. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резервтік қорының 2524348 мың теңге сомасында, оның ішінде төтенше жағдайларды қаржыландыру үшін 1172000 мың теңге мөлшерінде белгіленгені ескерілсін.

36. Республикалық бюджетте 1994 жылғы тиражды өткізуге және ұтыстарды төлеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі ұтыс заемының халықтың қолындағы қазынашылық бондарын сатып алуға 900000 мың теңге сомасында қаржы көзделіп отырғаны ескерілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Халық банкі Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі ұтыс заемының бондарын халықтан сатып алу Тәртібі туралы ұсынысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бір ай мерзім ішінде енгізісін.

37. Бюджеттің тапшылық деңгейін кемітуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ұлттық Банкпен келісу бойынша мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық вексельдерді аукциондық сатуды жүзеге асырып, оларды сатудан түскен қаражат есебінен өтейтін болсын.

38. 1995 жылғы 1 сәуірден бастап Кәсіпкерлікті қолдау мен бәсекелестікті дамыту қорының жойылуына байланысты Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі тиісті министрліктердің өкілдерін тарту арқылы жою

комиссиясын

құрсын.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде мүліктің құқықтық иегерін және Кәсіпкерлікті қолдау мен бәсекелестікті дамыту қорының қаржылық міндеттемелерін анықтау жөнінде ұсыныс енгізісін.

39. Республикалық бюджет бойынша 1995 жылдың аяғында - кассалық айналымдағы қолда бар ақша 30000 мың теңге сомасында белгіленсін.

40. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті мен Қаржы министрлігі бір ай мерзім ішінде директивалық кредиттерді нысаналы пайдаланбау фактілері бойынша тексеру жүргізісін, кінәлі лауазымды адамдарды заңдарда белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тарту үшін материалдарды тергеу

органдарына

жіберсін.

41. Министрліктер мен ведомстволар бөлінген қаражаттың қатаң нысаналы

түрде пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті мен оның жергілікті органдары бөлінген бюджеттік қаражаттың нысаналы әрі тиімді пайдаланылуына бақылауды күшейтсін.

42. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, бір ай ішінде Үкіметке Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бұрын қабылдаған шешімдерді осы қаулыға сәйкестендіру туралы ұсыныс енгізсін.

43. "1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 Заң күші бар Жарлығының қабылдануына байланысты Республикалық бюджет бойынша 1995 жылғы 1 тоқсанындағы шығыстарды қаржыландыру туралы"

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 28 желтоқсандағы N 272

қаулысы күшін жойғаны ескерілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 18 сәуірдегі
N 507 қаулысына
1 қосымша

Қазақстан Республикасының 1995 жылға
арналған республикалық бюджеті
Кірістер

I бөлім. Мекемелер және бюджет жөніндегі (мың теңге)
шаралар

1. Қосылған құнға салынатын салық	14292500
2. Акциздер	2334900
3. Кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың пайдасына салынатын салық	15797510
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен алынатын түсімдер, барлығы	4700000

оның ішінде Үкіметтің депозиттері үшін табыстан	3900000	
5. Бюджет шығыстарын өтеу, барлығы		24157659
оның ішінде:		
а) өзіндік айналым қаржысының жетіспеушілігіне берілген бюджеттік несиелер мен кредиттерді процентімен қалпына келтіру	800000	
б) директивалық кредиттер бойынша сомаларды қалпына келтіру	9022449	
в) ішкі республикалық есеп нәтижелері бойынша сомаларды қалпына келтіру	14335210	
6. Алымдар және салыққа жатпайтын түрлі кірістер, барлығы	15202500	
оның ішінде:		
а) лицензиялар сатудан алынатын түсім	200000	
б) өзге де түсімдер	4015000	
в) "Байқоңыр" ғарыш айлағы үшін жалгерлік төлем	8205000	
г) алынған импорттық тауарлар үшін қаржының түсуі	2782500	
оның ішінде:		
"Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясы	660000	
"Зооветжабдықтау" республикалық бірлестігі	615000	
"Фармация" мемлекеттік холдинг компаниясы	1500000	
"Медтехника" акционерлік қоғамы	7500	
7. Кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың кірісіне салынатын салық	109176	
8. Ренталық (тіркелген) төлемдер	2818337	
9. Жер салығы	685430	
10. Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық	100000	
11. 1994 жылдың астығын сатудан түсетін қаражат	9200000	
12. Жерді жалдау құқығынан келетін кірістер	150000	
13. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің сыртқы борышты өтеуі	80608	
14. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер	11000000	
I бөлім бойынша Кірістер жиынтығы		100628620

II бөлім. Нысаналы қаржыландыру қорлары

1. Жер қойнауын қорғау және минералдық шикізат базасын ұдайы молайту қоры	4010112
2. а) Экономиканы қайта құру қоры	3000000
б) Экономиканы қайта құру қоры қаржысының қайтарымы	15300
3. Жол қоры	9845000
4. а) Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры	100000
б) Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қорына қаржының қайтарымы	76000
5. Табиғат қорғау қоры	98116
II бөлім бойынша Кірістер жиынтығы	17144528

III бөлім. Сыртқы экономикалық қызмет

1. Экспортталатын тауарларға салынатын кеден бажы	7099660
2. Импортталатын тауарларға салынатын кеден бажы	1085000
3. Роялти мен бонустардан түсетін түсім	3596250
4. Кеден ресімдеулері	406000
5. Ішкі рынокта ең қажетті импорттық тауарларды сатудан түсетін түсім	564300
6. Тікелей қаржыландыру бойынша қаражаттың ұлттық валютамен қайтарымы	674400
7. Телекоммуникация жүйелерін жаңғыртуға және кеңейтуге арналған кредитті өтеуге жергілікті әкімшіліктерден түсетін түсімдер	555746
8. Кәсіпорындардың валюта бойынша сыртқы міндеттемелерін өтеумен байланысты бюджет шығыстарының орнын толтыруы	2265765
9. Үкіметтің кепілдігі бойынша бюджет шығыстарын кәсіпорындардың орнын толтыруы	1000000
10. Сыртқы заем депозиттері бойынша түсетін түсім	1000000

III бөлім бойынша кірістер жиынтығы 18247121

Республикалық бюджет бойынша Барлық кірістер 136020269

Шығыстар

I бөлім. Мекемелер және бюджет бойынша шаралар

I. Халық шаруашылығын қаржыландыру	35358206
Оның ішінде:	
Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, қалпына келтірілетін энергия көздеріне	120000
Құрылыс кешені	
Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, жобалауға	35500
Құрылыс кешені бойынша жиынтығы	35500
Агроөнеркәсіп кешені	
Су ресурстары жөніндегі комитет, операциялық шығыстарға	239804
Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы, барлығы	6127
оның ішінде помологиялық бау-бақшаға	4300
Ауыл шаруашылығы министрлігі, барлығы	7333982
оның ішінде:	
операциялық шығындар	2015642
Ауыл шаруашылығын қаржымен қолдаудың мемлекеттік қоры	5318340
Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, операциялық шығыстар	300000
Агроөнеркәсіп кешені бойынша жиынтығы	7879913

Көлік кешені және байланыс

Көлік және коммуникациялар министрлігі, барлығы	185435
оның ішінде:	
операциялық шығыстар (жол шаруашылығы, кеме жүретін шлюздер және кеме қатынасы қауіпсіздігі инспекцияларын ұстауға)	43435
Фельдъегер қызметін ұстауға	42000

Почта байланысы мемлекеттік қызметінің жұмысын ішінара қаржыландыру	100000
"Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясы, селден қорғау шаралары бойынша операциялық шығыстарға	41981
Көлік және байланыс бойынша жиынтығы	227416

Әлеуметтік кешен

Жеңілдіктер төлеу бойынша шығыстар, барлығы	1240523
---------------------------------------------	---------

Оның ішінде:

жүріп-тұру және байланыс қызметі бойынша жеңілдіктер беруге, барлығы	1240523
----------------------------------------------------------------------	---------

оның ішінде:

мүгедек балаларға	34385
1 және 2-топтағы мүгедектерге	102940

ақталған азаматтарға	18360
----------------------	-------

ерекше еңбек сіңіргені үшін	53460
-----------------------------	-------

Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерге, барлығы	1031378
---------------------------------------------------------	---------

оның ішінде баспасөзге жеңілдікпен жазылуға	63420
---------------------------------------------	-------

жаңа тұрғын үй саясатын іске асыруға, барлығы	3083750
-----------------------------------------------	---------

оның ішінде:

а) мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден ұзақ мерзімді кредит ресурстарына 20%	2200000
-------------------------------------------------------------------------------	---------

б) тұрғын үй алу кезегінде 10 және одан да көп жыл кезекте тұрғандарға дотацияға	102600
----------------------------------------------------------------------------------	--------

в) коммуналдық шаруашылық объектілерін салуға	250000
-----------------------------------------------	--------

г) әлеуметтік сала қызметкерлері үшін тұрғын үй салуға	531150
--------------------------------------------------------	--------

"Қазақ КСР-індегі мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақ КСР Заңын жүзеге асыруға	142800
-------------------------------------------------------------------------------------	--------

"Қазақкино" мемлекеттік компаниясы, барлығы	287576
---------------------------------------------	--------

оның ішінде:

кинопрокаттау ұйымдарының зиянын өтеуге	40032
-----------------------------------------	-------

ұлттық көркем, дәйекті-деректі балалар фильмдерін және мультипликациялық фильмдер шығаруға	18594
--------------------------------------------------------------------------------------------	-------

"Абай жолы" фильмін шығаруға және шетел	
-----------------------------------------	--

валютасын сатып алуға	224950	
Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс Күніне арналған фильм	4000	
Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігі	11479	
Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі Қазақ мемлекеттік агенттігі (зияндарды өтеуге)	544	
Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, әлеуметтік маңызды әдебиет шығаруға байланысты зиянды жабуға, барлығы	1 187082	
оның ішінде сатып алуға:	1062000	
Абай кітаптарын шығаруға	50000	
Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына кітаптар мен плакаттар шығаруға	33000	
Әлеуметтік кешен бойынша Жиынтығы	5953754	

Кешендерге кірмегендер

Экология және биоресурстар министрлігі (операциялық шығыстар)	893136	
Геодезия және картография Бас басқармасы	63639	
Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет, барлығы	43341	
оның ішінде:		
операциялық шығыстар	37741	
күрделі жөндеу	5600	
Әділет министрлігі, баспаны ұстауға,	65446	
оның ішінде қағаз сатып алуға	52050	
Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосы, зиянды жабуға	444	
Суда құтқару ерікті қоғамы, ағымдағы қажетке	821	
Кеден бақылау, қазынашылыққа, салық милициясын ұйымдастыруға және олардың материалдық базасын нығайтуға жұмсалатын шығындар	1871720	
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің материалдық-техникалық базасын дамытуға	35285	
Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шаруашылық басқармасы	131294	
Гидрометеорология жөніндегі Бас басқарма,		

операциялық шығыстарға	304110	
Күрделі қаржыны қаржыландыруға кредит ресурстарын және Қазақстанның Мемлекеттік Даму банкінің жарғылық қорын толтыруды қоса алғанда		9015300
Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыруға (II кезең)	85000	
Абай кешенін аяқтауға	245000	
Облыстардың телекоммуникация жүйелерін жаңғырту және кеңейту жөніндегі сыртқы қарызын жабуға арналған шығыстар	624712	
Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің қызметін қаржыландыруға, барлығы		7000000
оның ішінде:		
өндірісті конверсиялауға жұмсалатын шығыстар есебінен	200000	
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кредиттері есебінен	3000000	
Конверсиялық кәсіпорындардың тұрғын үй-коммуналдық объектілерін ұстауға жұмсалған шығыстар	762375	
Кешендерге кірмегендер бойынша Жиынтығы		21141623
Әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландыру, барлығы	22806566	
оның ішінде:		
а) білім беру және кадрларды кәсіби даярлау, барлығы	9421965	
б) мәдениет пен өнер, барлығы	900745	
в) бұқаралық ақпарат құралдары, барлығы	3783824	
Оның ішінде:		
теледидар мен радиохабарларының мемлекеттік бағдарламаларын тарату жөніндегі байланыс қызметі үшін	2613600	
мемлекеттік телерадиохабарларына берілген тапсырыс үшін төлем жасау	611344	
оның ішінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына арналған 5 сериялы телефильмді		

түсіруге байланысты шығыстар	5500	
г) денсаулық сақтау, барлығы	6088485	
д) дене тәрбиесі, барлығы	654765	
оның ішінде:		
Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығына арналған спартакиаданы өткізуге байланысты шығыстар	52860	
Олимпиадалық ойындарға қатысуға дайындық		200000
е) әлеуметтік қамсыздандыру, барлығы	1956782	
оның ішінде:		
әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі мекемелерді ұстау және әлеуметтік қамсыздандыру шараларын қаржыландыру	106608	
санаторийлық-курорттық емдеуге жұмсалған шығыстар өтімі, барлығы	506229	
оның ішінде Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары	409950	
бірлестіктердің сурдо-, тифлотехникалық құралдарды сатып алу	72500	
аймақтық қайырымдылық қорларын құруға		1221383
Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына валюта қаражаты есебінен сыйлықтар сатып алу		41812
ақыл-есі кем балалар үшін валюта қаражаты есебінен жабдықтар сатып алу	8250	
Ғылымды қаржыландыру, барлығы	2651146	
Оның ішінде:		
Ұлттық ғылым академиясы	655836	
Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы		526736
Қорғанысқа кететін шығыстар, барлығы	18946450	
оның ішінде:		
Жалпы мақсаттағы Қарулы Күштер, барлығы	17712184	
оның ішінде әскери соттарға	50500	
Азаматтық қорғаныс штабы	304400	
Республикалық гвардия	340801	
Әскери-теңіз күштері	589065	

Мемлекеттік өкімет органдарын, сот және

прокуратура органдарын ұстауға кететін шығыстар 3736635

Оның ішінде:

Жоғарғы Кеңес	678792	
Президент Аппараты	586332	
Жоғарғы Сот	97952	
Конституциялық Сот	35641	
Облыстық және Алматы қалалық соты		177980
Халық соттары	639469	
Жоғарғы төрелік сот	129411	
Прокуратура	1391058	

Құқық қорғау органдары қажетіне кететін

шығыстар, барлығы 14835979

оның ішінде:

Ішкі істер министрлігі	8268531	
Ұлттық қауіпсіздік комитеті	2286187	
Шекара әскерлері	2700041	
Ішкі әскерлер	1566090	
Министрлер Кабинеті жанындағы Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссия		15130

Мемлекеттік өкіметтің республикалық және

жергілікті атқарушы-өкімші органдары мен

мемлекеттік басқару органдары қажеттеріне

кететін шығыстар, барлығы 9546447

Резервтік қорлар, барлығы 2524348

оның ішінде:

төтенше жағдайларды қаржыландыруға 1172000

Әртүрлі төлемдер, барлығы 4683800

оның ішінде:

1994 жылдың астығын сатып алуға 4000000

мақта себетін шаруашылықтарға уақытша алынған

қаражатты қайтару 70000

1994 жылғы нан мен құрамажем бағасындағы

айырымға өтем 613800

Басқа да шығыстар, барлығы 1135608

Сайлау өткізуге жұмсалатын шығыстар, барлығы 346003

Мемлекеттік ішкі борышқа қызмет көрсету
жөніндегі шығыстар, барлығы 13046969

оның ішінде:

заңды тұлғалар арасында орналастырылған Қазақстан
Республикасының 1992 жылғы мемлекеттік заемы
бойынша проценттерді төлеу 490
1995 жылғы бюджет тапшылығы үшін кредитке
проценттер төлеу 1500000
мемлекеттік ішкі борыш бойынша проценттерді
төлеуге байланысты шығыстар 2100000
республика ішіндегі есептеу бойынша мерзімді
вексельдерге қызмет етуге байланысты шығыстарға 424030
директивалық кредиттер бойынша сомалар мен
проценттерді төлеуге 9022449

Мемлекетаралық ұйымдарға қызмет көрсету
жөніндегі шығыстар, барлығы 319698
оның ішінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50
жылдығын мерекелеуге байланысты шығыстар 3366

Зандарды іске асыруға, барлығы 5362346

Арал өңіріндегі экологиялық апат салдарынан
зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы 209497
Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық
сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды
әлеуметтік қорғау туралы 4367219
Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы 785630

Жергілікті бюджеттерге субвенция, барлығы 16790756

I бөлім бойынша Шығыстар жиынтығы 152090957

II бөлім. Нысаналы қаржыландыру қорлары

Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат
базасын ұдайы молайту қоры 3208090

Жол қоры 7876000

Табиғат қорғау қоры

78493

II бөлім бойынша шығыстар жиынтығы

11162583

III бөлім. Сыртқы экономикалық қызмет

Елшіліктерді, өкілдіктерді ұстауға және басқа

да мақсаттарға валюта сатып алу, барлығы 12146178

Оның ішінде:

а) сыртқы заемдар бойынша проценттер төлеу 6022852

б) сыртқы заемдар бойынша кепілдіктерге қызмет

етуге байланысты уақытша шығыстар 1000000

в) инвестициялық, тауарлық кредиттер үшін аванс

беру 764955

г) банктердің сақтандыру қаржылары мен

комиссиялық алымдарын өтеу 968730

д) сыртқы экономикалық қызметке кететін шығыстар 3389642

оның ішінде:

халықаралық ұйымдарға төленетін жарналар 1520325

ТМД-ның атқарушы органдарын ұстауға 14032

жұмыс істеп тұрған және жаңадан ашылған елшіліктер

мен өкілдіктерді ұстауға 1015425

шетелдік іссапарға кететін шығыстар 150000

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорт-импорт

банкісінің жарғылық қорына төленетін жарна 250000

сыртқы борышты өтеуге уақытша тартылған қаржылар

қайтарымы:

"Маңғыстаумұнайгаз" өндірістік бірлестігі 67425

"Каспийшельф" мемлекеттік компаниясы 248682

Қазақстан Республикасы шетелдік сақтандыру

мемлекеттік "Қазақшетелсақтандыру" компаниясының

жарғылық қорына төленетін жарна 75000

үкіметтік байланыс жөніндегі шығыстарға 48753

III бөлім бойынша шығыстар жиынтығы

12146179

Республикалық бюджет бойынша барлық шығыстар 175399719

Артуы (Дефицит -, Профицит+) барлығы

-39379450

Оның ішінде:

1. Қаржыландырудың сыртқы көздері есебінен,
барлығы 38287474
Оның ішінде:
1. Сыртқы заем түсімдер 45928496
2. Түзету сомасын шегеріп тастағанда, барлығы -7641022
оның ішінде сыртқы заемды өтеуге -7641022
- II. Бағалы қағаздар сату есебінен, барлығы - 403000
оның ішінде:
1. Мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық
вексельдерді аукционда сатудан қаражаттың
түсуі 500000
2. Түзету сомасын шегеріп тастағанда, барлығы -903000
Оның ішінде:
- а) заңды тұлғалар арасында орналастырылған
Қазақстан Республикасының 1992 жылғы
Мемлекеттік замын өтеуге -3000
- б) Қазақстан Республикасының 1992 жылғы
Мемлекеттік ішкі ұтыс замының ұтыстарын
сатып алуға (халықтан) -900000
- III. Қаржыландырудың ішкі көздері есебінен,
барлығы 1494975
Оның ішінде:
1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
кредит ресурстары 8625000
2. Ішкі республикалық есеп бойынша негізгі борыш
сомасының түсуі 7681155
3. Түзету сомасын шегеріп тастағанда, барлығы 14811180
Оның ішінде:
- а) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне ішкі
борышты өтеуге -800000
- б) айналым қаражатының жеткіліксіздігіне
байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің кредиттері бойынша мерзімі өткен
берешекті өтеуге -100000
- в) Ішкі республикалық есеп нәтижелері бойынша
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
айналым вексельдерін өтеуге -13911180

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 18 сәуірдегі
N 507 қаулысына
2 қосымша

Журнал мен газет редакцияларының зиянын жабуға

республикалық бюджеттен 1995 жылға олардың
құрылтайшылары бойынша бөлінетін қаржы
мың теңге

Құрылтайшы	Қаржы	Газет пен журнал
		редакцияларының атауы

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі	83922	Советы Казахстана (газет) Халық Кеңесі (газет) Жоғарғы Кеңестің Жаршысы (журнал)
------------------------------------------	-------	----------------------------------------------------------------------------------------

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі	256886	Егеменді Қазақстан (газет) Казахстанская правда (газет) Коре ильбо (газет) Экономика и жизнь (журнал) Уйғур авази (газет) Дойче альгемайне (газет) Азия (газет) Түркістан (газет) Ана тілі (газет) Украински новини (газет) Феникс (журнал)
-----------------------------------------------------------------------	--------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Абай (журнал)
 Ақиқат (журнал)
 Мысль (журнал)
 Қазақстан Республикасының 5256 Қаржы-қаражат-Финансы
 Қаржы министрлігі Қазақстана (журнал)
 Қазақстан Жастар одағы 54748 Экспресс "К" (газет)
 Жас Алаш (газет)
 Қазақстан Республикасының 43270 Балдырған (журнал)
 Жастар ісі, туризм және Жалын (журнал)
 спорт министрлігі Ұлан (газет)
 Дружные ребята (газет)
 Новое поколение (газет)
 Қазақстан Республикасының 9788 Здравоохранение Казахстана
 Денсаулық сақтау министрлігі (журнал)
 Денсаулық (журнал)
 Қазақстан Республикасының 10296 Русский язык в Казахской
 Білім министрлігі школе (журнал)
 Қазақстан мектебі (журнал)
 Қазақстан мұғалімі (газет)
 Қазақстан Республикасының 26686 Жұлдыз (журнал)
 Жазушылар одағы Простор (журнал)
 Қазақ әдебиеті (газет)
 Қазақтардың дүниежүзілік 14355 Шалқар (газет)
 қауымдастығы
 Қазақстан Республикасының 34500 Әділет министрлігінің
 Әділет министрлігі Жаршысы (журнал)
 Халықаралық келісімдердің,
 уағдаластықтардың және
 Қазақстан Республикасының
 жекелеген заң актілерінің
 бюллетені
 Апталық заң газеті

БАРЛЫҒЫ

539707

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК